

### **Ақылбек Күрішбаев: Ұлы ойшылдың идеяларына мән беру – дамудың негізі**

Президент Қ.Тоқаевтың мақаласына С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев пікір білдірді, деп хабарлайды

«Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың ұлы ақыны, ойшыл-философы, қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Қазақстан халқын ұлы Абайдың мұралары мен еңбектерін қайта зерделеу, парасат-пайымын қажетімізге жаратуға шақыра отырып, қазақ қоғамын дамытудың алдағы жүзжылдықтағы маңызды басымдықтарын айқындап берді. Ұлан-ғайыр жер мен бай табиғи ресурстарды иеленген Қазақстан дамудың жарқын болашағына ие. Бірақ, оны игеру үшін елімізге сапалы дамыған адам капиталы қажет. Бұл жөнінде кезінде Абай дөп басып айтқан. Қоғамның интеллектуалды қуатын қалыптастыру мен арттыру, адам капиталы идеясын дамытуды Президенттің өз мақаласына арқау етіп алуы кездейсоқтық емес. Ұлы ойшыл еңбектерінде ғылым мен білімге аса мән беруі – дамудың негізі осылар екендігін түйсінгендігінде. Осыны ұғына отырып біздің Президентіміз Қ.Тоқаев білім жүйесін модернизациялау реформасын қолға алды», - дейді А.Күрішбаев.

Бүгінде бұл тек сөз жүзінде ғана емес, нақты қадамдарға, ұлттық білім беру ісі мен отандық ғылымды қолдау мен дамытуға бағытталған шынайы бағдарламалардың жүзеге асуына сеп болып отырғандығын айтады.

«Нәтижесінде өткен жылы бакалавриат пен магистратураға бөлінетін мемлекеттік гранттың үлесі артса, оның ішінде техникалық, аграрлық және ақпараттық технологиялар мамандығына гранттар саны көбейді. Биылғы оқу жылынан бастап бөлінген мемлекеттік гранттың құны 349-дан 878 мың теңгеге дейін өсті, өз кезегінде бұл ЖОО-ның материалдық базасының жақсаруына және кадрларды дайындау сапасының жоғарылауына әкелді. 2025 жылы мемлекет ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды 10 есеге арттыруды көздеп отыр. Нәтижесінде отандық ғалымдардың ғылыммен алаңсыз айналысуына және елімізде біліктілігі жоғары кадрларды дайындауға даңғыл жол ашылатыны сөзсіз», - деді ол.

Сонымен қатар, мемлекет беріп отырған бар мүмкіндіктерді толығымен пайдалану қажеттігін айтты.

«Президент мақаласындағы көтерілген идеялар алдымен біздің жастарымызға бағытталған. Мақалада Абайдың «Толық адам» тұжырымын және оның тұлғаның қалыптасу идеясын негізге ала отырып Президент жас ұрпақтың алдына маңызды міндеттер қойды, яғни білімді, мәдинетті, зиялы, адамгершілігі жоғары адам болып қалыптасу. Тек осындай адам ғана мемлекеттің, қоғамдық болмаса отбасылық-тұрмыстық өмірдің іргелі

қорғаны бола алады. Бұл тұрғыда жоғары оқу орындары ұстаздарының міндеті – студенттерді өзін-өзі жетілдіруге талпыну, сонымен бірге жаһандану жағдайында рухани-адамгершілік құндылықтардан айрылмау сынды ұлы Абайдың өмірлік ұстанымдарын басшылыққа ала отырып тәрбиелеу», - дейді университет ректоры.